

Дәріс № 1 (9). Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі курсына кіріспе.

1. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі курсының мақсаты мен мазмұны.
2. Заңнамалық актілер мен ережелер. Түсініктер және анықтамалар.
3. Қазақстан Республикасының «табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай туралы» заңы.

1. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі **курсының мақсаты мен мазмұны.**

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері – төтенше жағдай кезінде шаруашылық нысандараның тұрақты жұмыс істеуін, адамның өмір сүру ортасымен қауіпсіз қатынысы әдістерін, қазіргі заманғы зақымдау құралдарының қолданылуы және табиғи, техногенді ТЖ салдарын жою және ескерту сұрақтарын оқытатын жоғары мектеп курсы.

Пәнді оқыту барысында келесі сұрақтар қарастырылады:

Өмір сүру ортасының жағдайы және жағымсыз факторлары; адамның өмір сүру ортасымен қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету принциптері; техникалық ортамен процестердің қауіпсіздігін жоғарлату, зиянды және зақымдаушы факторлармен зақымдалған адамның анатомиялық-физиологиялық салдары, оларды идентификациялау принциптері; ТЖ кезіндегі шаруашылық нысандарының тұрақты жұмыс істеуін зерттеу әдістері; ТЖ және олардың салдарын болжау; ТЖ кезінде шаруашылық нысандарының өндірістік қызметкерлерін және халықты қорғау шараларын жасау; ТЖ салдарын жою; тіршілік қауіпсіздігінің нормативті техникалық және ұйымдастыру негіздері.

Пәнді оқытудың мақсаты:

Болашақтағы мамандарға қауіпсіз және зиянсыз жағдайдағы тіршілік әрекетін құру үшін қажетті теориялық және тәжірибелік дағдыларды үйрету; қауіпсіздік бойынша қазіргі заман талаптарына сай технологиялық процестер мен жаңа техниканы жобалау; студенттерге соғыс және бейбіт уақыттағы төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерді, халықты қорғау әдістерін, қазіргі заманғы зақымдау құралдарының қолдану кезінде, табиғи апаттар, авариялар салдарын жою кезіндегі құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу негіздерін оқыту; зақымдау ошағына сипаттама беру; құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу негіздерін анықтау; ТЖ салдарынан халықты қорғау әдістеріне сипаттама беру; химиялық және радиациялық барлау құралдарымен таныстыру және олардың жұмыс істеу тәртібі мен таныстыру.

Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі (ТӘҚ)

Бөлімдері

ТӘҚ төрт бөлімнен тұрады:

- ТӘҚ-тің теориялық негіздері;
- ТӘҚ-тің өндіріс жағдайларында (еңбекті қорғау);
- ТӘҚ-тің табиғи аспектілері (қоршаған ортаны қорғау);
- ТӘҚ-тің төтенше жағдайларда.

Қауіпсіздік, қауіп-қатер түсінігі және оның жіктелуі.

Қауіпсіздік сыртқы және ішкі қатерден қорғайтын тірі организмнің қажетті шарасы. **Қауіп-қатер** (угрозы) – ортаның қуат жағдайымен, адамдардың іс-әрекетімен тығыз байланысты құбылыс, ол қоршаған ортаға үлкен зардабын, зиянын тигізетін құбылыс, процесс, уақиға. Құбылыстарды жіктеумен және жүйелеумен айналысатын ғылымды таксономия деп атайды.

Қауіп-қатер шыққан тегі бойынша бірнешеге жіктеледі: табиғи, техногендік, антропогендік, экологиялық, биологиялық. Өмір сүру ортасының антропогендік қауіп-қатері. Антропогендік қауіп адамдардың шаруашылық іс-әрекетінің және өзі құрған объектілерінің жұмысының нәтижесінде пайда болады да әрі адамдардың денсаулығына және өмір сүру ортасына кері әсерін тигізеді. Өмір сүру ортасына адам іс-әрекетінің кері әсер етуінің негізгі факторларына атмосфералық ауаның ластануы жатады. Атмосфераның ауасын ластайтын негізгі антропогендік көздер қатарына өнеркәсіп орындарының кейбір салалары, автокөлік, жылу энергетикасы жатады. Атмосферадағы қоспалардың және олардың қозғалысы екінші деңгейдегі өте улы қосылыстардың пайда болуына әкеліп соғады: қара түтін (смог), қышқыл жаңбыр, озон қабатын бұзатын қосындылар.

Қауіпсіздік



Пайда болуына байланысты

Іс-рекетіне байланысты

Саласындағы бойынша көріністері

Қолданылу сипаты бойынша

АҚ жүйесінің құрылымы мен міндеттері.

Азаматтық қорғаныс жүйесінің құрылу тарихы. 1920 жылдары жергілікті әуе шабуылынан қорғану жүйесі құрылды. Кеңестер одағында ХӘҚЖ 1961 жылы Азаматтық қорғаныс деп өзгертілді. Азаматтық қорғаныстың негізгі мақсаты әр түрлі төтенше жағдайларда халықты қорғау, адамдардың өмірін сақтап қалу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықтың еңбегімен жасалған барлық байлықты сақтап қалу. Азаматтық қорғаныс міндеттері. Азаматтық қорғаныстың басқару орындары. Азаматтық қорғаныстың негізгі күштері.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
Төтенше жағдайлар комитеті**

2. Заңнамалық актілер мен ережелер.

Түсініктер және анықтамалар.

ТЖ жөніндегі Қазақстан республикасы заңдарының маңызы.

Қазақстан Республикасында ТЖ жөнінде бірнеше заңдар қабылданған:

1. «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы»

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 5 шілде қабылданды (2000 жылғы 19 мамырда өзгерістер)

2. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ

3. «Авариялық құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы N 87 Заңы. (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңымен)

4. «Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы N 48 Заңы. (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңымен)

5. Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың мемлекеттік жүйесі туралы ЕРЕЖЕ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 тамыздағы N 1298 Қаулысы. (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен)

6. Техникалық реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы N 603 Заңы.

Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы
2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай **негізгі ұғымдар** пайдаланылады:

- 1) **Авария** – ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарындысы;
- 6) **Азаматтық қорғаныс** – Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөнінде бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі;

10) **Азаматтық қорғау** – өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені;

14) **Азаматтық қорғау күштері** – азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бөлімшелері, азаматтық қорғау құралымдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы, жағдайды байқау, бақылау және болжау қызметтері;

20) **«Баршаның назарына!»** құлақтандыру сигналы – төтенше жағдайлар туындау қатері төнген немесе туындаған кезде халықтың назарын аудару үшін дабылдамалар немесе басқа да сигнал беру құралдары арқылы берілетін құлақтандырудың бірыңғай сигналы;

66) **Төтенше жағдай** – адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай;

67) **Төтенше жағдай аймағы** – төтенше жағдай қалыптасқан аумақ;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті

3. Қазақстан Республикасының «табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай туралы» заңы

Табиғи, антропогенды, техногенды сипаттамасы бар төтенше жағдайы және зардап шегетін қазіргі заттарды қолдануы кезінде Қазақстан Республикасында территорияны, экономика объектілерді, халықты қорғау үшін төтенше жағдайды жою мен алдын-ала ескерту бойынша мемлекеттік жүйесі (Азаматтық қорғау жүйесі) жұмыс жасайды. Мемлекеттегі азаматтық қорғанысты жүргізу мен ұйымдастыру бойынша бүкіл қызметі «Азаматтық қорғаныс туралы» 7. 05. 1997 жылынан ҚР Ережесімен анықталған. Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныстың жалпы басқармасы премьер-министрге жүктелген (ол – Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныстың бастығы). Азаматтық қорғаныспен тікелей басқару үшін ортаңғы атқарушы органы – Төтенше жағдай бойынша Қазақстан Республикасының агенттігі құрылған - **Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті**. Агентігінің ортаңғы аппараты құрылымдық бөлімшелерден және департаментінен тұрады. Департамент құрамы Республика үкіметінде тағайындалады. Агенттігімен тағайындалған Департамент басымдылығы болады. Агенттігінің төрағасы лауазымы бойынша ҚР азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары және бір мезгілде жол жүрудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Ведомствоаралық комиссиясының, Республикалық төтенше эпидемиялық қарсы комиссиясының және Жарылыс жұмыстары бойынша Ведомствоаралық комиссиясының төрағасы болу керек.

Агенттігінің территорияды (ТЖ бойынша областы, регионалды, қалалы, ауданды басқармалар) органдарының жетекшісі, олардың төрағалары Әкімшілік-территориалды бірлігіне тиісті әкімімен келісу нәтижесінде Агенттігінің төрағасымен тағайындалады.

Агенттігінің тәжірибе қызметі ҚР қабылданған келесі заңдарымен тағайындалады:

5. 07. 1996 жылынан «Табиғи және техногенды төтенше жағдайлары туралы», 07.05.1997 жылынан «Азаматтық қорғаныс туралы», 31.03.1997 жылынан «Апатты-қорғаушы қызметі және құтқарушы мәртебесі туралы», 15.10.1993 жылынан «Төтенше ереженің құқықтық режимі туралы», 22.11.1996 жылынан «Өрт қауіпсіздігі туралы», 23.04.1998 жылынан «Халықтың радиационды қауіпсіздігі туралы». Осы заңдар төтенше жағдайларды жою және алдын-ала ескерту кезінде ҚР территориясында қоғамдық қатынастарды реттейді, төтенше жағдай облысында ҚР азаматтарының міндеттері мен құқықтарын, ұйымдар, өкілді, ортаңғы жергілікті және атқарушы органдарының негізгі міндеттерін және өкілдерін анықтайды.

ҚР Заңына сәйкес «Азаматтық қорғаныс туралы» төтенше жағдайлардың зардаптарын жою мен алдын-ала ескерту үшін азаматтық қорғаныс күштері, оның құрамы, тағайындалуы және қолдану тәртібі анықталған. Олар ҚА АҚ әскери бөлімшелерден, АҚ территориялды құрылуынан, АҚ объектілі құрылуынан, АҚ және ТЖ қызметтерінің құрылуынан, жедел құтқару отрядтарынан тұрады. Үкіметтің шешімі бойынша құтқару жұмыстарды өткізу мезгіліне ҚР ІІМ және Минқорғаныстың әскери бөлімшелері тағайындалады.

Меншік формасына тәуелді болмайтын ҚР қазіргі заңнамасына сәйкес областарда, қалаларда, райондарда және ұйымдарда АҚ құрылуы әкімнің шешімімен **территориалды-өндірістік принципі бойынша құрылады**, ал меншік формасына тәуелді болмайтын ұйымдарда және өндірістерде жергілікті құрылуы – ұйымның басқармасының бұйрығымен құрылады.

АҚ құрылуының саны, жалпы мөлшері, структурасы мамандықтар, техника және жергілікті жағдайларының қажеттілігіне, адам ресурстарының болуына, жасалынған жұмыстардың көлеміне және сипаттамасына сәйкес халықтың сенімді қорғауын қамтамасыз ететін қажеттілігімен анықталады.

Төтенше жағдайлар зардаптарын жою үшін АҚ және мамандандырылған штаттық бар құрылуының санынан тұрақты даярлықта тұратын шұғыл әрекет ету отрядтары құрылады.

- облыста – 150 адамнан кем емес;
- қалада – 100 адамнан кем емес;
- ауданда – 50 адамнан кем емес.

Құрылымдарды дайындыққа келтіруге мүмкін максималды уақыты қойылады:

- шұғыл әрекет ету отрядына – 2 сағаттан аспайды;
- негізгі қорғау құрылымдарына – 4 сағаттан аспайды;
- барлық қалған құрылымдарға – 6 сағаттан аспайды.

Табиғи және техногенді төтенше жағдайларды жою кезінде апатты-қорғау құрылымдарынан басқа дереу түрде **дереу медициналық көмек қызметі іске қосылады**. Бұл қызметке тұрақты дайындықтағы мобильді құрылымдар, мамандандырылған дружиналар, алғашқы дәрігерлік жәрдем отрядтары кіреді.

Төтенше жағдай кезінде маңыздысы байланыс пен хабарландырудың құралдарының тұрақтылығы мен тоқаусыздығы болып табылады. Сенімді болу үшін байланыстың барлық түрі қолданылады: желілік, теле-, радио-, компьютерлік, ғарыштық және тағы басқалары. Сонымен қатар азаматтық қорғаныс штабы ретрансляциялық радиожеліге тікелей шыға ала алады. Сонымен бірге қала сыртына шығатын байланыс пункттері мен резервті құралдар қарастырылған.

Төтенше жағдайдың масштабына тәуелді оны халыққа хабарландыру тәртібі мен ақпараттандыру құқығы Үкіметке, ТЖ жөніндегі ҚР Агентігіне, жергілікті өкілетті органдар мен ТЖ облысындағы атқарушы органдарға жүктелген. ҚР мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамту үшін республикалық автоматтандырылған төтенше жағдайлар жөніндегі ақпараттық-басқарушы жүйе құрылған.

ҚР Төтенше жағдайларды алдын-ала ескерту мен оларды жою бойынша жүйе үш режимде қызмет етеді:

- қолайлы радиациялық, химиялық, биологиялық, гидрометеорологиялық және сейсмикалық жағдайында бейбітшілік уақыттың күнделікті қызметі;
- төтенше жағдайдың пайда болу мүмкіндігі турлы болжау алу кезінде жоғарғы дайындық;
- бейбітшілік уақытта төтенше жағдайдың пайда болуы және жою кезінде режимі.

Төтенше жағдай пайда болу және жою кезінде «Төтенше жағдайдың заңды режимі туралы» ҚР заңымен регламенттелген төтенше заңның режимі енгізіледі. ҚР барлық территориясында немесе оның бөлек мекендерде Төтенше заң ҚР Президентінің Бұйрығымен енеді немесе жалғастырылады. Төтенше заң үлкен масштабты стихиялық апаттар немесе халық өміріне нақты қауіп төнген техногендік апаттар кезінде, сонымен қатар әртүрлі қоғамдық даулардың себебінен конституциялық құрылымның өзгерту қауіпі және төтенше шара қолданбай салдарын жоюға мүмкіндігі жоқ жағдайында енгізіледі.

Төтенше жағдай болу кезінде халықаралық ынтымақтастық

Стихиялық апатпен күрес тәжірибесінде зардап шеккен аймақтар үшін барлық жақты көмек көрсетудегі халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілікті көрсетті. Халықаралық ынтымақтастықты жақсарту жөніндегі мәселелерге 1974 жылы Каракас қаласында өткен 7 Халықаралық конференция арналды, оған 30 мемлекет қатысты. Конференцияда халықаралық ынтымақтастықтың негізгі міндеті ретінде тек апаттағыларға көмек көрсетіп зардап шеккендерді қорғау еместігін анықтады, сонымен қатар өндірістік және транспорттық апаттардың, қоршаған ортаны ластаудың және тағы басқа апаттардың мүмкін залалдарын алдын-алуға бағытталды. Қабылданған бағдарламамен келесі қызмет түрлері анықталған: апаттарды болжау мен алдын-алу, олардың салдарын жою мен қираған объектілер мен байланысты қалпына келтіру. НАТО елдері мен БЭҚ (СЭВ) стихиялық апаттардың қауіптілігін төмендету мен алдын-алу бойынша шараларда белсенді түрде қатысуға тырысады.

Қазіргі уақытта ТЖ мәселерімен айналысатын бірнеше халықаралық ұйым жұмыс істейді. Азаматтық қорғаныстың халықаралық ұйымы (МОГО-АҚХҰ) 1931 жылы Париждегі құрылтай конференциясында құрылды. АҚХҰ жарғысына сәйкес мақсаты АҚ, бейбітшілік және соғыс уақытында қауіпті алдын-алу немесе төмендету тәсілдер мен техникалық құралдардың дамуы мен жетілдіру болып табылады. 1996 жылдан бастап ҚР АҚХҰ мүшесі болды. 1957 жылдан бастап БҰҰ мамандандырылған ұйымы – Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік (МАГАТЭ) құрылды. Оның міндеті атом энергиясын бейбіт қолданудағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Оның құрамын 120 мемлекет енеді. ТЖ проблемасымен қатысты басқа ұйымдар қатары Еуропалық стихиялық апаттарға дайындық оқу орталығы (АФЕМ), Еуропалық жер сілкінісін болжау мен алдын-алу орталығы (ЕЦПП) Грецияда орналасқан, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ). 1993 жылы ТМД деңгейінде «Табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ салдарын алдын-алу мен жою жөнінде келісім» жасалды. Халықаралық ұйымдар мамандар арасындағы байланысты күшейтуге ынталандыратын және төтенше жағдайлардан қорғаныс құралдары мен тәсілдерін жетілдіру үшін оқулар, кездесулер өткізеді.

«1993 жылғы 22 қаңтардағы
Табиғи және техногендік сипаттағы
төтенше жағдайлардың алдын алу және
олардың салдарын жою саласындағы
өзара іс-қимыл туралы келісім бойынша

табиғи және техногендік сипаттағы
төтенше жағдайлардың салдарын жою
үшін *ТМД Күштері корпусын*
ұйымдастырды

Төтенше жағдай кезінде шұғыл-қалпына келтіру мен құтқару жұмыстарын ұйымдастыру

Стихиялық апаттар, ірі апаттар мен катастрофалардың салдарын жою кезіндегі құрылымдардың негізгі міндеті – адамдар мен материалдық құндылықтарды құтқару болып табылады. Құрылымдардың қызметінің сәтті өтуі көбінесе өз уақытындағы белгілі шарттағы жағдайды есепке алуға мен барлау өткізуге мен ұйымдастыруға байланысты болып келеді.

Стихиялық апат аудандарында **барлау анықтайды**: апат ошағының шектерін және оның тарау бағытын, тікелей қауіп төніп тұрған объектілер мен елді мекендерді, адамдар жинақталған орындарды, жұмыс орнына техниканың жету амалын, ғимараттар мен құрылыстардың зақымдану жағдайын, сонымен бірге оның ішіндегі зақымданған адамдардың болуын, коммуналды-энергетикалық желілердің апаттанған жерлерін, шұғыл апатты-қалпына келтіру мен құтқару жұмыстарының көлемін анықтайды.

Барлауды барлаушы топтар мен бөлімдері өткізеді. Барлаушы құрылымдарға объектінің орналасуы мен өндірістің ерекшелігін білетін мамандарды қосу ұсынылады.

Бірінші эшелон күш топтауына негізінен апат болған объект құрамдары енеді, ал екіншісіне – көрші объектілердің (аудан) құрылымдары енеді. Құтқару жұмыстары стихиялық апат аудандары мен ірі апат орындарында бірінші кезекті катастрофалық салдардың, апаттардың болуын, адам өлімі мен материалдық құндылықтардың шығынына әкелетін екінші реттік себептердің болуын болдырмаудың алдын-ала ескерту болып табылады. Құрылымдардың командирлері аудандағы жағдайды үнемі біліп отыруы керек, оның өзгеруіне сәйкес анықтап немесе бөлімшелерге жаңа міндет қойып отыруы қажет.

Құтқару мен шұғыл жұмыстарды өткізу үшін техникалық құралдар қажет болады:

- жертөлелерді, қорғаныс құрылыстарды бұзуға машиналар (экскаваторлар, бульдозерлер, крандар, домкраттар, лебедкалар);
- ауа жіберу үшін және тесік жасайтын пневматикалық құралдар (әмбебап құралдар, бұрғы қондырғылары, кен балғалары);
- металлды кесуге арналған құралдар (керосинкескіштер, автогенді аппараттар, сеперқайшылары және т.б.);
- жолсыздықтан техниканы өткізуді қамтамасыз етуге арналған құралдар (механизацияланған көпір, тартым-трейлерлер, өздік жүретін шынжыр табанды паромдар, понтондар және т.б.);
- сумен қамтамасыз ету құралдары (бұрғы қондырғылары, фильтрлеу станциялары және т.б.);
- адамдарды іздеу құралдары (иттері бар кинологтер, теплопеленгаторлар).

Әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Учебное пособие для студентов ВУЗ по курсу «Безопасность жизнедеятельности». - Книга 1. -Алматы: АЧС РК, Республ. Курсы ЧС и ГО, 2002.
2. Саудабеков К.Е., Алманиязов Э.А., Лухнова Л.Ю. Безопасность жизнедеятельности и формирование здорового образа жизни. Учеб. пособ. -Алма-Ата, 1999.

Қосымша әдебиеттер:

1. Вишневская Е.Л., Барсукова Н.К. Основы безопасности жизнедеятельности: Учебное пособие – М.: «Русское слово», 1995.